

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

**Бастауыш сыныпта дамыта оқыту технологиясы негізінде оқушының жазбаша тілін дамыту**ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.06.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/122680/>**Кілт сөздер:** білім беру, дамыта оқыту, оқушы, сауат ашу

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым – қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сонымен қатар мектептегі оқу – тәрбие жүйесі, мұғалім – оқушы арасындағы қарым – қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты: мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Алдымыздағы межеленіп отырған 12 жылдық білім беру жоспарының ішіндегі бастауыш мектептегі оқыту жүйесі де басты назарда. Ал мектеп табалдырығын жаңа аттаған оқушының білім, білік дағдыларды игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру, оқуға, жазуға, есептеуге машықтандыру, шығармашылық ойларын дамыту бастауыш сыныптан қамтамасыз етіледі. Қазіргі кездегі бастауыш сынып оқушыларын оқытудағы жаңа өзгерістерге бет бұру үшін мынадай талаптарды ескеру керек:

- Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуды ерте

бастан қолға алу;

- Ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейіне жеткізу;
- Шығармашылық іс-әрекетіне және үнемі ізденісте болуына жағдай тудыру;
- Өзіндік жұмыс түрлерін орындай алу;
- Баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық қабілеттерін қалыптастыру;
- Ақпараттық технологияларды меңгерту;

Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Осыған орай, өз тәжірибемде дамыта оқыту технологиясын үздіксіз пайдалану арқылы келесі жұмыс түрлерін атап айтар болсақ, оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой – өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Дамыта оқытудың басты мақсаты – баланы оқыта отырып, жалпы дамыту. Бастауыш мектеп-оқушы тұлғасы мен сапаның дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын да дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету.

Бастауыш сынып сатысының ерекшелігі мектепке қабылданған оқушылардың дайындық деңгейінің, психологиялық, физиологиялық жағынан әр түрлі болуында. Сондықтан бастауыш мұғалімінің қызметі әр баланың жеке ерекшелігіне қарай жағдай жасау үшін тұлғалық, бағдарлы болуға тиіс. Әрине, бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері әр түрлі болады. Дегенмен әр бала бір нәрсеге бейім болады. Бейімділік-оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың жасырын, тіпті тым терең жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады.

Қазіргі таңдағы мұғалім оқушы үшін «дайын» білім көзі болмай, керісінше кіші мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білуі қажет. Бұрынғы догмалық әдістерден арылып, тиімді әдістемелік жолдарды қажетіне қарай пайдаланып отыру тәжірибеге айналып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Заман

ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы технологияларды тиімді, жүйелді қолдану керек. Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, оқушыны қызықтырып оқыту керек екенін айтқан.

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге , өз Отанын , ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі.Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты .Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға , ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.Дұрыс , сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына , буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге , әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі.Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де , олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Оқушыларды сауатты жазуға «Әліппені» оқытудың алғашқы кездерінен үйрету керек, ол үшін графикалық диктант жүргізген жөн. Мақсатына қарай оларды өткізудің тәсілдері түрлі-түрлі. Жақсы оқи алатын бала таза да ,сауатты жаза біледі, ал , жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді.Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы дұрыс айтылуын қадағалаймын. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқаноқушыларсауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызыпкөруі арқылы қалыптасады. Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып жүрген оқушылардың білім сапасын көтеруде жағдай жасайтын сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда сабақ уақытын ұтымды пайдалануға мұғалім мен оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс –

диктанттарды қолдана білу. Мәселен оқушылардың білім сапасын жақсартуда, ой-өрісін кеңейтуде, алған білімдеріндегі кейбір олқылықтарды толықтырып, бұрын өткен материалдарды бір жүйеге түсіру үшін диктанттарды пайдалану мен үшін өтетиімді. Оқушыларды сауатты жазуға үйретуде түрлі жазба жұмыстардың, әсіресе диктанттың маңызы зор. Тек диктант түрлері грамматикалық ережелерді әр оқушының қалай меңгергенін және нелерді шала білетінін байқатады. Сондықтан диктант қай сыныпта болмасын, неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты соғұрлым табысты болмақ.

Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Бала өз ойын қорықпай сеніммен айта алатындай болу керек. Ол үшін Оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып, дұрыс мақталып, қатесі еппен түзетіліп отырады. Оқушыға кішкентай бала деп қарамай оның пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу оның дамуына зор әсер етеді.

Жай сөйлемдер құра білу

### **Оқушылардың шығарма жазғанға дейінгі игеру тиіс дағдылары**

Сөйлем жігін ажырату

Сөйлемдерді мазмұн жағынан байланыстыра білу

Сюжетке қарап тақырып қоя білу

### **оқушы**

Жоспар бойынша ойларын баяндау

Сұрақ- жауап негізінде ойын жеткізе білу

Отбасы туралы, қызықты іс- әрекеттерін әңгімелеу

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық іс-әрекетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойлау қабілетін дамыту туралы «Ойлау-жанның өте бір қиын, терең ісі», — деп атап көрсете келіп, мұғалім баланың ойлау үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Бастауыш мектеп оқушысы үшін дамытатын жаттығулардың кешенді орындауы олардың танымдық іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтиды. Дамытатын танымдық жаттығулардың мақсаты: мектептегі оқытудың интеллектуалдық потенциалын көтеру, және әр сабақты оқушының танымдық құқықтарын меңгеруге бағыттау, тапсырманың шешу жолдарын талдау, тапсырманың орындалуына түрлі тәсілдер іздеу, өзінің шешімін құрбыларының жұмысымен салыстыру өзінің дәлелдеген шешімін үйрету болып табылады. Оқушы бойындағы шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқу мен білім алуға деген ұмтылыс күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, ішкі дүниесінің сыртқы ортамен байланысы дамып, дүниетанымы арта түседі. Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан — жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс. Олар:

1. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
2. Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
3. Оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу;

Сонымен бірге коммуникативтік біліктіліктері дамиды (ақпарат беру, ақпарат жасау), ақпараттық проблемаларды шешуі (ақпаратты табу, жүйелеу, өңдеу, бағалау және ақпаратты ұсынудың әр түрін пайдалана алады). Оқушының бойында дербес танымдық іс-әрекет өрісіндегі құзырлылық, күнделікті тұрмыстық ортадағы құзырлылық қалыптасады.

**Әдебиет:**

1. Р.С. Омарова, Ә. С. Кенеш, Ұ. А. Дүйсенова 12 – жылдық білім берудің бастауыш буынындағы оқу- тәрбие үрдісі. Астана 2003ж
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» Астана 2007ж.
3. Д.исабаева «Ақпараттық – коммуникациялық технология құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру мазмұны» Бастауыш мектеп 12/ 2008
4. К.Ерешева,Ұ.Ботабаева,Р.Муханова Қазақ тілінен сын жұмыстары «Өлке» 2010ж.
5. Р.Мұраталиев,Ә.Марасұлов,Қ.Қасабекова Диктанттар жинағы «Мектеп»1985
6. Жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйесін дамыту Халықаралық ғылыми «Алтынсарин оқулары»конференциясының материалдары Астана 2010 ж.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.